«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

№1

17.03.2026ж. **Жаңа Дәулет ауылы**

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры

Күн тәртібінде:

- «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау туралы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 2-қосымшасында көрсетілген орта білім ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын таныстыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесінің 3 жылдық өкілеттік мерзімін тоқтату туралы 24.01.2026ж. күнгі №5 хаттамасына сәйкес, білім бөлімінің 22.04.2025ж. күнгі «Қамқоршылық кеңесін құру туралы» №226-нқ бұйрығының 2-тармағының 4-қосымшасында қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы бекітілді. Бекітілген кеңес құрамына сәйкес, қамқоршылық кеңестің 1-отырысы өткізілді. Осы отырыста 2-тараудың 6-тармақшасында *«Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады-* деген жазбаны ескере отырып, Дауэн Ләззат Жаумбайқызы бірауыздан кеңес мүшелерінің келісімімен қамқоршылық кеңестің төрағасы ретінде сайланды.

Екінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес, 3-тараудың 14-тармақшасында көрсетілген білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесінің функциялары таныстырылды. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделетіндігін, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятындығын және мектеп директорымен келісетіндігі баса айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша төмендегідей шешім етеді

ШЕШІМ

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы және оның 2-қосымшасында көрсетілген үлгілік қағидалар басшылыққа алынсын.

- «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Дауэн Ләззат Жаумбайқызы сайлансын.
- Қамқоршылық кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен аталған үлгілік қағидаларға сәйкес ұйымдастырылсын.
- Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметтерін белсенді түрде атқарып, білім беру ұйымының дамуына үлес қосуға міндеттелсін.

Кеңес төрағасы Л.Дауенова
Мүшелері: Е.Жұпбан
Ж.Шүйінішбаева
К.Турмаганбетов
Б.Копнепесова
Т.Байманова
Ж.Нуржанов
І.Айдарбек

Хаттаманы дайындаған И.Метерова